

НҮСҚА 2

ҚАЗАҚ ТІЛІ

1. Мағынасы қарама-қарсы сөзді табыңыз:

- A) Жаман, нашар
- B) Әдемі, көрікті;
- C) Заңғар, биік;
- D) Төмен, аласа;
- E) Жуан-жіңішке;

2. Ұяң дауыссыздар қатарын табыңыз:

- A) К, В, М;
- B) Р, Г, Х;
- C) Г, З, Ж;
- D) Б, Л, Ф;
- E) Ц, Д, Ң

3. Зат есімге лайық қатарды көрсетіңіз:

- A) Есім сөздер;
- B) Еліктеу сөздер;
- C) Бейтарап сөздер;
- D) Етістік;
- E) Көмекші сөздер

4. Қосарлану арқылы жасалған топтаусан есімін табыңыз:

- A) Жүз бес;
- B) Төртеу;
- C) Қырықтаған;
- D) Жиырмамыншы;
- E) Он-оннан;

5. «Қанша?» «неше?» сөздері есімдіктің қай түріне жататынын анықтаңыз:

- A) Белгісіздік есімдігі;
- B) Сілтеу есімдігі
- C) Өздік есімдігі;
- D) Сілтеу есімдігі;
- E) Жалпылау есімдігі;

6. Орфография бойынша дұрыс жазылған сөзді табыңыз:

- A) Жайау;
- B) Жайяу;
- C) Жәйау;
- D) Жәйәу;
- E) Жаяу

7.Ілгерінді ықпалды табыңыз:

- A) Бозжігіт;
- В)Штабта;
- С) Асхана;
- Д)Көре кел;
- Е)Қырықаяқ

8.Қосымшасыз сөзді белгілеңіз:

- A)Ертеңгі;
- В)Көзілдірік;
- С)Асырмалы;
- Д) Тана;
- Е)Баспа;

9.Біріккен сөздердің дұрыс жазылғанын көрсетіңіз:

- A)Белбуу;
- В)Белбеу;
- С)Белбу;
- Д)Белбау;
- Е)Белбөу

10.Есімше тұлғасында тұрған сөзді табыңыз:

- A)Қарайтын;
- В)Қарапты;
- С)Қарады;
- Д)Қарайып;
- Е)Қарағалы

11.Бейнелеуіш сөзді анықта:

- A)Қаңқ;
- В)Сатыр;
- С)Тарс;
- Д) Бүрсең
- Е) Қарқ;

12.Күрделі сын есімді табыңыз:

- A) Қара кер;
- В)Қара түлкі;
- С)Қарағанды;
- Д) Қарақат;
- Е)Қарама-қарсы

13.«Сәуленің кірпіші» тіркесінің лексика-грамматикалық мағынасын анықтаңыз:

- A)Туыстық;
- В)Мекендік;

- С)Затқа меншіктілік;
- Д)Мезгілдік;
- Е)Өзара байланыстылық

14.Тұрақты сөз тіркесің табыңыз:

- А)Қоңқақ мұрын;
- В)Арқар мүйіз;
- С)Бағы жанды;
- Д)Өткен жыл;
- Е)Ел арасында

15.Омоним бола алмайтын сөзді көрсетіңіз:

- А)Мін;
- В)Жұт;
- С)Қаралы;
- Д)Ара;
- Е)Найза

16.Синонимдік қатарды табыңыз:

- А)Парыз, қуаныш;
- В)Етік, бөрік;
- С)Қисынды, орынды, ретті;
- Д)Жылқы, тай;
- Е)Қыстау, жайлау

17. «Әр» сөзінің қай сөзбен бірге жазылатын көрсетіңіз:

- А)Әр «бала»;
- В)Әр «түрлі»;
- С)Әр «кім»;
- Д)Әр «алуан»;
- Е)Әр «уақытта»

18.Мекен үстеудің сұрағын табыңыз:

- А)Қашаннан? Қашан?
- В)Қалай? Қайтіп?
- С)Неге? Қалай?
- Д)Қайда? Қайдан?
- Е)Қаншалық? Қаншалап?

19.Бірыңғай демеулік шылауды көрсетіңіз:

- А)-ақ, -мыс, -ау;
- В)-ай, өйткені;
- С)туралы, және;
- Д)ғана, алайда;
- Е)-ма, -ме, дейін

20. Дара бастауышы бар сөйлемді табыңыз:

- A) Сыпайы тоңбайды, қалтырайды.
- B) Ертең канал қазу жұмысы басталады.
- C) Елу алты – сенің ұпайың.
- D) Партия жоспары – халық жоспары.
- E) Оспанов Асылбек өз ісін жақсы біледі.

21. Мына құрмаластардың ішінен салалас құрмаласты табыңыз:

- A) Жұмыс көп болды, сондықтан демалысқа шықпадым.
- B) Жұмыс көп болғандықтан, демалысқа шықпадым.
- C) Жұмыс көп болғаннан соң, демалысқа шықпадым.
- D) Жұмыс көп болып, демалысқа шықпадым.
- E) Жұмыс көп болғалы, демалысқа шықпадым.

22. Одағайды табыңыз:

- A) Жә, тоқтат, ақсақал!
- B) Бір топ адам, басы Жомарт болып, атқа қонды
- C) Ақсақал, тоқтатыңыз.
- D) Қысқасы, ақсақал, тоқтатыңыз
- E) Ол-ол ма, әңгіме одан да ұлғая түсті.

23. Тыныс белгісі дұрыс қойылған орынды көрсетіңіз:

- A) -Е, Жүмеке мал-жан, бала-шағаңыз аман ба?
- B) -Е Жүмеке, мал-жан, бала-шағаңыз аман ба?
- C) -Е, Жүмеке, мал-жан, бала-шағаңыз аман ба?
- D) -Е, Жүмеке, мал-жан-бала-шағаңыз аман ба?
- E) - Е, Жүмеке, мал-жан бала-шағаңыз аман ба?

24. Тырнақшаның қойылу себебі, дұрысын белгілеңіз.

«Еңбегімнің жемісін көрсем,» - деп армандаймын.

- A) Диалог;
- B) Дәйексөз;
- C) Мәтелдер;
- D) «Айтылмаған», айтуға оқталған сөзі.
- E) Төл сөз

25. Екі түрлі түбірден жасалған мағыналы қос сөзді көрсетіңіз:

- A) Аттап-аттап;
- B) Қамыт-сайман;
- C) Тоқты-торым;
- D) Соңғысы – халық;
- E) Анда-санда